

1.5 Комплаенс офицер білуі тиіс:

- Қолданыстағы Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының азаматтық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық, процессуалдық заңнамаларды, Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының «Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Заңын, «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» Жарғысын, «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» ішкі нормативтік құжаттарын, «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» бірінші басшы бұйрықтары мен өкімдерін.

1.6 Комплаенс офицер болмаған кезде (іссапар, демалыс, уақытша жұмысқа жарамсыздық және т.б.) оның міндеттерін уақытша орындау, өзінің келісімі немесе ұсынысы бойынша белгіленген тәртіппен басқа мамандардың біріне жүктеледі.

## 2. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕР

2.1 Комплаенс офицердің міндеттеріне келесілер кіреді:

- Комплаенс офицер «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» штат бірлігі болғандықтан өз міндеттеріне ұқыпты және жауапкершілікпен қарау;

- «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» әкімшілігінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидаларымен талаптарын сақтау;

- «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» әкімшілігінде жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелер, сонымен бірге Комплаенс офицердің құзыреттілігіне кіретін хаттар, өтініштер, арыздар мен басқа да материалдар бойынша тиісті құжаттарды қажеттілігіне қарай қарау және беру;

- «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» әкімшілігінде әзірленетін шарттардың, бұйрықтардың, өкімдердің, нұсқаулықтардың, ережелердің, басқа да ұйымдастыру-жарлық құжаттарының қолданыстағы Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сәйкестігін алдын ала тексеру мақсатында құжаттардың жобаларына бұрыштама қою;

- «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» әкімшілігінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидалары мен талаптарын жүзеге асыруына бағытталған іс-шараларды үйлестіру және қадағалау;

- «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» қызметкерлерінің атқаруындағы лауазымына, саласына қарамастан сыйбайлас